

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



ФЛИП-ЧАРТ САБАҚТАРЫН ҚОЛДАНУ БОЙЫНША
ПЕДАГОГТАРДЫҢ ТӘЖІРИБЕСІН
ЗЕРДЕЛЕУ, ЖАЛПЫЛАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ
(БҚО, Ақтөбе облысы)



Астана 2018 ж.

Мектепке дейінгі ұйымның білімдік үдеріс сапасын арттыруды шешуде ақпараттандырудың үлкен әлуеті бар. Қазіргі заманғы ақпараттық коммуникациялық технологияларды (АКТ) мектепке дейінгі ұйымдардың жұмыс істеу практикасында пайдалану мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесі менеджментінің сапасын арттыруға мүмкіндік туғызады, мектепке дейінгі жастағы балалардың қарапайым компьютерлік сауаттылығын игеруге және балаларды мектепте оқытуға дайындауға, балаларды қоғамда табысты әлеуметтендіру үшін жағдайлар жасауға көмектеседі.

Қазіргі таңда көптеген интерактивті бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі – «Флипчарт». Флипчарт деп блокнот қағидасы бойынша аударыстыратын парақ немесе қағаз блогына арналған магнитті маркерлік тақтаны айтады. Интерактивті тақта мен заманауи бағдарламалық жабдықтың пайда болуына байланысты интерактивті тақтаның бағдарламалық жабдықтама терезесіне (мысалы, ActivInspire), белгілер, суреттер, бейне, дыбыс файлдар, анимациялар, интерактивті сабақтар және веб сілтемелер қосуға болатын тіктөртбұрыш жұмыс кеңістігін флипчарт деп атайды.

Флипчарт бұл интерактивті, мультимедия сияқты қасиеттерді сипаттайтын электронды көрнекілік. Флипчарт – бұл материалдарды құруға және көрсетуге болатын жұмыс саласы.

Флипчарт бетінде төмендегі әрекеттерді:

- бейнелеу фонын қосуға;
- ескертулер жазуға және түсініктеме белгілер енгізуге;
- суреттер құруға немесе кең ауқымды кітапхана қорынан суреттер қолдануға;
- ішкі қосымшадан бейнелерді импорттауға;
- сілтемелер қосуға;
- бейнелерді түсіруге және оларды флипчартқа қондыруға;
- географиялық картаға бейнелеп көрсетуге;
- фильмдер мен ойындарды көрсетіп орындауға болады.

Флипчарт – ACTIVinspire бағдарламалық қосымшада құрылымы жасалған сабақ, бағдарламалық қосымша орнатылмаған жағдайда флипчарт құру мүмкін емес.

Мектепке дейінгі білім беруді ақпараттандыру – бұл мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі де, педагогтар да, балалар да қатысатын кешенді, көп жоспарлы, қоры кең үрдіс.

Мектепке дейінгі білім беруді ақпараттандыру педагогтарға жаңа әдістемелік әзірлемелерді педагогикалық тәжірибеге кең ауқымда ендіру үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Ақпараттық коммуникациялық технологияларды балабақшада қолдану тәрбиелеу-оқыту үрдісін жаңғыртуға, тиімділікті арттыруға, балаларды ізденушілік әрекеттерге негіздеуге, балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып саралауға мүмкіндік береді.

Ақтөбе мен Батыс Қазақстан облыстарының 2014-2017 жылдары аралығындағы педагогтардың озық тәжірибелері жинақталып, зерделеніп, педагогтар үшін құнды материалдар ретінде базаға енгізілді.

Ақтөбе облысы



Актюбинская область



ГККП ДО №1 «Гульдер»
город Актобе, Актюбинской области.



Тема:

**«Ручки, ножки, огуречик,
вот и вышел человечек»**

Выполнила: Герасименко Ольга Юрьевна
Воспитатель первой квалификационной категории



Технологическая карта организованной учебной деятельности
(средняя группа)
Воспитатель: Герасименко Ольга Юрьевна

Образовательные области: Здоровье

Раздел: «Я и мое здоровье»

Тема: «Ручки, ножки, огуречик, вот и вышел человечек»

Цель: Познакомить детей со строением тела человека, отличительными внешними особенностями мальчиков и девочек.

Задачи: Дать детям элементарные знания об анатомии человека – частях тела.

Закрепить представления о своём теле, его ощущениях.

Формировать представление детей о внешних различиях и особенностях девочки и мальчика (одежда), умение анализировать, сравнивать, делать выводы.

Воспитывать ценностное отношение к себе, своему организму; умение проявлять интерес к другим детям, доброжелательное отношение к сверстникам.

Материал: Дид/игры «Собери фигуру человека», «Веселая бабочка», «Платье для девочки, костюмчик для мальчика», чтение стихотворения: «Вот, какое мое тело!».

Билингвальный компонент: бас- голова, қол- рука, аяқ- нога.

Словарная работа: руки, ноги, туловище, части тела, грудь, живот, спина.

Этапы деят-и	Действия воспитателя	Действия детей
Мотивационно- побудительный	Воспитатель читает стихотворение: «Есть две ножки, чтоб бежать. Слайд 3 Есть две ручки, чтоб махать. Слайд 4 Есть два глаза, что бы видеть. Слайд 5 Есть два ушка, что бы слышать. Слайд 6 Нос один, второго нет. Слайд 7 Ротик скажет всем «привет». Слайд 8 Воспитатель - Сегодня мы с вами узнаем, из каких частей состоит тело человека.	Дети стоят в кругу на ковре. Выполняют движения по содержанию стихотворения. Говорят и машут рукой «Привет!» Проявляют интерес.
Организационно-поисковый	Воспитатель читает стихотворение «Вот, какое мое тело!» Слайд 9 «У меня есть голова Направо - налево, раз – два. Она сидит на крепкой шее, Повертели – повертели. Затем туловище идет, Наклон назад, наклон вперед, Поворот – поворот. Умелые руки есть у всех, Вверх- вниз, вниз – вверх. Ноги нам нужны, чтоб бегать, Прыгать, приседать, стоять. Вот какое мое тело! С ним все сделаешь на «пять»! Предлагает детям дид/игру «Собери фигуру человечка» Слайд 10 (звучит смех ребенка) Словарик казахских слов	Внимательно слушают стихотворение Дети называют части тела и помогают воспитателю собрать на доске пазл «Тело человека» Дети повторяют слова: бас- голова, қол- рука, аяқ- нога.

Организационно-поисковый	<p>Организует беседу, Слайд 11 задает вопросы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Зачем человеку руки? Слайд 12 (работать, рисовать, лепить и т.д.) • Для чего человеку ноги? Слайд 13 (ходить, бегать, прыгать) • Для чего человеку голова? Слайд 14 (думать, говорить, смотреть) • А из каких частей состоит туловище? <p>Туловище тоже имеет части (воспитатель подзывает ребенка и на нем показывает): грудь, живот, спина.</p> <p>Воспитатель: Молодцы, ребята, я вижу, что вам интересно узнать новое о своем теле. А теперь давайте отдохнем и поиграем.</p> <p>Д/игра «Веселая бабочка» Слайд 15 (помочь детям направить внимание на нужный участок тела).</p> <p>Воспитатель: Мы с вами собрали человечка, но чего-то не хватает у него. Что еще нужно человеку? Слайд 16</p> <p>Дид/игра «Платье для девочки, костюмчик для мальчика» Слайд 17-18</p> <p>Воспитатель предлагает словесную игру: «Мальчики и девочки» Слайд 19 «Дружат в нашей группе Девочки и мальчики. Мы с тобой подружимся Маленькие пальчики 1,2,3,4,5 -Будем вместе мы играть Дружно за руки возьмемся И друг другу улыбнемся»</p>	<p>Дети принимают активное участие в беседе, отвечают на вопросы, если затрудняются, воспитатель помогает с ответом.</p> <p>Проговаривают слова: грудь, живот, спина</p> <p>Соглашаются</p> <p>Дети должны погладить, ту часть тела, куда села бабочка: руку, ногу, нос и т.д. Рассматривают человечка Одежды Одежду одеть Дети помогают воспитателю – выбирают и называют одежду для мальчика и девочки. Принимают активное участие в игре Получают эмоциональный заряд</p>
Рефлексивно-корректирующий	<p>Вопросы к детям, на закрепление:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Какие части тела есть у человека? • Кто запомнил, какую одежду носит мальчик? Девочка? <p>Поощряет, хвалит детей. Слайд 20 «А теперь всем детям встать, Руки медленно поднять, Пальцы сжать, потом разжать, Руки вниз и так стоять. Отдохнули все немножко И отправились в дорожку».</p>	<p>Перечисляют все запомнившиеся части тела человека. Ответы детей</p> <p>Выражают радость Выполняют движения в соответствии с текстом.</p>

Ожидаемый результат:

Знать: и называть части своего тела, их назначение.

Иметь: элементарные знания об анатомии человека – частях тела.

Уметь: различать внешние отличительные особенности мальчиков и девочек.

СОСТАВИТЕЛЬ: Герасименко Ольга Юрьевна – воспитатель
ГККП Дошкольная организация №1 «Гульдер»
города Актобе, Актюбинской области

ГРУППА: Средняя

ТЕМА: «Ручки, ножки, огуречик, вот и вышел человечек»

ФОРМА ПРОВЕДЕНИЯ: Игровая, с использованием интерактивной доски

ЦЕЛЬ: Познакомить детей со строением тела человека, отличительными внешними особенностями мальчиков и девочек.

ЗАДАЧИ: Дать детям элементарные знания об анатомии человека – частях тела. Закрепить представления о своём теле, его ощущениях. Формировать представление детей о внешних различиях и особенностях девочки и мальчика (одежда), умение анализировать, сравнивать, делать выводы. Воспитывать ценностное отношение к себе, своему организму; умение проявлять интерес к другим детям, доброжелательное отношение к сверстникам.

ДИДАКТИЧЕСКИЙ МАТЕРИАЛ: Дид/игры «Собери фигуру человека», «Веселая бабочка», «Платье для девочки, костюмчик для мальчика», чтение стихотворения: «Вот, какое мое тело!».

**ИНТЕРНЕТ
РЕСУРСЫ:**

<http://www.lenagold.ru/fon/clipart/m/malch2.html>



ТЕМА:

**«РУЧКИ, НОЖКИ, ОГУРЕЧИК,
ВОТ И ВЫШЕЛ ЧЕЛОВЕЧЕК»**



Есть две ножки, чтоб бежать.



Есть две ручки, чтоб махать.

Есть два глаза, что бы видеть.



Есть два ушка, что бы слышать.

Нос один, второго нет.



Ротик скажет всем «привет».



СТИХОТВОРЕНИЕ «ВОТ, КАКОЕ МОЕ ТЕЛО!»

«У меня есть голова
Направо - налево, раз - два.
Она сидит на крепкой шее,
Повертели - повертели.
Затем туловище идет,
Наклон назад, наклон вперед,
Поворот - поворот.
Умелые руки есть у всех,
Вверх- вниз, вниз - вверх.
Ноги нам нужны, чтоб бегать,
Прыгать, приседать, стоять.
Вот какое мое тело!
С ним все сделаешь на «пять»!

СТИХОТВОРЕНИЕ «ВОТ, КАКОЕ МОЕ ТЕЛО!»

«У меня есть голова
Направо - налево, раз - два.
Она сидит на крепкой шее,
Повертели - повертели.
Затем туловище идет,
Наклон назад, наклон вперед,
Поворот - поворот.
Умелые руки есть у всех,
Вверх- вниз, вниз - вверх.
Ноги нам нужны, чтоб бегать,
Прыгать, приседать, стоять.
Вот какое мое тело!
С ним все сделаешь на «пять»!


ДИДАКТИЧЕСКАЯ
ИГРА
«СОБЕРИ ФИГУРУ ЧЕЛОВЕЧКА»



БЕСЕДА С ДЕТЬМИ



Зачем человеку руки?



Зачем человеку ноги?



Зачем человеку голова?



ДИДАКТИЧЕСКАЯ ИГРА «ВЕСЕЛАЯ БАБОЧКА»








СЛОВЕСНАЯ ИГРА «МАЛЬЧИКИ И ДЕВОЧКИ»

«Друзьям в нашей группе
Девочки и мальчики.
Мы с тобой подружимся
Маленькие пальчики 1,2,3,4,5
-Будем вместе мы играть
Дружно за руки возьмемся
И друг другу улыбнемся»





А теперь всем детям встать,
Руки медленно поднять,
Пальцы сжать, потом разжать,
Руки вниз и так стоять.
Отдохнули все немножко
И отправились в дорожку.

Ақтөбе қалалық білім бөлімі

№ 33 «Нұрсәт» мектепке дейінгі білім орталығы

Дошкольный образовательный центр № 33 «Нұрсәт»



Образовательная учебная деятельность
по образовательным областям:
«Здоровье», « Коммуникация», «Социум», « Познание»
в предшкольной группе № 4 « Гномики»
ДОЦ № 33 «Нұрсәт»
с использованием программы « Флипчарт»

воспитатель: Игликова Ж.М

Тема занятия: Играй-ка.

Мыслительные операции: анализ, сравнение, обобщение

Направление деятельности: общеинтеллектуальное

Оборудование: мультимедийный проектор, интерактивная доска, презентация.

Программное содержание : Продолжать знакомить детей с логическими задачами, развивать мышление, наблюдательность, умение сравнивать, анализировать.

создать условия для усвоения знаний о различных задачах; способствовать развитию монологической речи; познакомить детей с решением логических задач и уметь применять изученный материал в повседневной жизни; учить осуществлять анализ речевых ситуаций, представленных в рисунках и текстах.

Демонстрационный материал: мультимедийный проектор, интерактивная доска, презентация, счетные палочки, кружки, медали

Ход занятия

Вводная беседа. Положительный настрой на занятие

-Ребята, наверное ,вам побыстрее хочется хорошо учиться: красиво и грамотно писать, быстро считать, а самое главное- уметь отвечать на сложные и необычные вопросы, а для этого надо постоянно тренировать память , глазомер, речь, внимание.

Всё, что я перечислила, изучает наука «Логика». Сегодня мы с вами отправимся в страну под названием: « Логика». Там, мы будем учиться играя , получим еще больше знаний.

В-ль: Во - первых, приведём наш ум в рабочую готовность.

Мозговая гимнастика.

Качание головой (Упражнение стимулирует мыслительные процессы): дышите глубоко, расслабьте плечи и уроните голову вперед .

Позвольте голове медленно качаться из стороны в сторону. (30 сек.)

«Ленивые восьмёрки» (упражнение активизирует структуры мозга, обеспечивающие запоминание, повышает устойчивость внимания): нарисовать в воздухе « восьмёрки» по три раза каждой рукой, а затем обеими руками.

«Шапка для размышлений» (улучшает внимание, ясность восприятия и речь): «наденьте шапку», т.е. мягко заверните уши от верхней точки до мочки три раза.

Моргания (полезно при всех видах нарушения зрения): моргайте на каждый вдох и выдох. И еще немного разомнемся. Отвечаем быстро!

Разминка.

В-ль: Дидактическая игра: Отвечайте, кто это? Что это?

Что делают из муки? хлеб

Что делают из молока? Сметану, сливки, творог, сыр

Сколько дней в неделе? 7

Кто строит дома? строитель

Кто лечит животных? ветеринар

Красный, желтый ,зеленый на дороге? светофор

Сколько месяцев в году? 12

Кто по профессии Айболит?

Итак, отправляемся в путешествие в страну « Логика».

Эта Фея Логика! Посмотрите, злая колдунья похитила фею и хочет захватить страну Логика , нужно спасти ее. Что же будет, если злая колдунья захватит страну Логика? Чтобы спасти фею и ее страну, нужно выполнить задания. Вы готовы?

И вот задания от феи Логика:

1. Запомни, как расположены фигурки в таблице.

Расположи такие же фигурки в той же последовательности в пустых клетках. (10 секунд.)

2. Сосчитай по сколько разных предметов. Запомни количество. Скажи сколько и каких предметов было.

3. Сколько треугольников?

4. Сколько прямоугольников?

5.Найди место для фигуры.

6. Расставь чемоданы так, чтобы маленький чемодан был между красным и желтым, а зеленый , рядом с красным.
7. Найди нужную заплатку.
8. Покажи вазу не с узором, не с цветком и не красную.
9. Найди закономерность и вставь нужный предмет.
10. Рыжего кота зовут Кеша, двух других зовут Васька и Пушок. Справа от Кеши сидит Пушок. Покажи кота , которого зовут Васька.
11. Посмотри на рисунок и сделай такой же.
12. Переложите ровно две спички так, чтобы корова смотрела в обратную сторону.
13. Переложите ровно две спички так, чтобы мусор был возле совка
14. Убери одну палочку , чтобы дом смотрел зеркально.
15. Убери три палочки , чтобы получилось четыре квадрата.

Весёлая перемена (физкультминутка).

Гимнастика для глаз.

Смотрите злая колдунья предлагает решить логические задачи.

Ребята , давайте вспомним, что нужно, чтобы научиться решать логические задачи какие умения необходимы? Внимание, память , терпение, доводить дело до конца, мыслить, думать.

Рассуждая , мы логически мыслим , сравниваем и тем самым учимся решать сложные логические задачи.

Решение логических задач. (Презентация)

Молодцы, вы все прекрасно справились с заданиями. Фея Логика благодарит вас и посвящает вас в кандидаты академии наук Логики.

Вручение медалек на память.

Нам пора возвращаться , скажем : До встречи.

Рефлексия

Что нового узнали на сегодняшнем занятии? Чему научились? Что понравилось сегодня на занятии?

Закройте глаза и вспомните приятные моменты нашего путешествия.

Я рада, что на протяжении всего путешествия вы были внимательны.



Давайте попросим наших гостей оценить наше путешествие , если мы работали хорошо , то пусть поднимут руки вверх, а если мы работали на отлично – поаплодируйте нам.



Запомни, как расположены фигурки в
таблице.




Расположи такие же фигурки в той же
последовательности в пустых клетках.



(Время запоминания — 5—10 секунд.)







Сосчитай, по сколько разных предметов.
Запомни их количество.
Скажи, сколько и каких предметов было?








**СКОЛЬКО
ПРЯМОУГОЛЬНИКОВ?**




Найди место для фигуры




**Расставь чемоданы так, чтобы
маленький чемодан был между
красным и желтым,
а зеленый возле красного**



**Найди нужную
заплатку**







Покажи вазу не с узором, не с цветком и не красную

**Покажу вазу не с узором,
не с цветком и не красную**




Найди закономерность и вставь
нужный предмет.




**Рыжего кота зовут Кеша, двух
других зовут- Васька и Пушок.
Справа от Кеши сидит Пушок.
Покажи кота, которого зовут Васька.**




**Посмотри, запомни и сделай
такого же человечка**







Переложите ровно две спички так, чтобы корова смотрела в обратную сторону




Переложите ровно две спички так, чтобы мусор был возле совка




**Убери одну палочку, чтобы дом
смотрел зеркально**



Убери три палочки, чтобы
получилось четыре квадрата





Батыс Қазақстан облысы



Западно-Казахстанская область



Сагидуллина Айдана Мұратқызы
I санатты тәрбиеші

Білім беру саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу іс –әрекеті: Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы: «Жол белгілері»

Мақсат –міндеттері:

- Жаяу жүргіншілер ережесімен таныстыру, жол белгілері туралы түсініктерін кеңейту, өмір қауіпсіздігі ережелерін естеріне түсіру.
- Бағдаршам мен жол белгілерін ажырата білу арқылы, жол ережелерін сақтауға дағдыландыру.
- Көшеде қауіпсіздік ережелерін, жол ережесін үнемі сақтап жүруге тәрбиелеу.


Әдіс-тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, сұрақ –жауап, ойын.


Қажетті құралдар: Демонстрациялық материалдар, жұмыс дәптері, жол жүру ережесінің белгілері.

Алдын-ала жүргізілетін жұмыс: Сергіту сәтін жаттату.

Билингвалдық компонент: Жол белгілері –дорожные знаки,
жол белгілері –road signs

Бағдаршам –светофор, бағдаршам –traffic light

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс –әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	<p>Балалар, бүгін біздің пошташы ағай хат алып келді. Бұл хаттың ішінде не бар екенін, оны бізге кім жолдағанын білгілерін келе ме?</p> <p>Ендеше хаттың ішінде не бар екенін қарайық. Бұл не?</p> <p>Ол дисктің ішінде не бар екен? Дискті қосып қарайықшы.</p> <p>Жолдос: Сәлем, достар! Менің атым - Жолдос. Жолдағы дос деген мағынаны береді. Еліміздің жолдарындағы қозғалыс өте қарқынды. Сол себепті жолдағы барлық адамдар қауіпсіздікті сезініп жүргені өте маңызды. Алайда өкінікше орай жүргізушілер мен жүргіншілер жол жүру ережелерін сақтамағандықтан қауіпті жағдайлар жиі –жиі орын алады. Мен дер кезінде келіп қайғылы жағдайға жол бермеуге тырысам. Дегенмен біздің еліміз өте үлкен. Сондықтан супер батырдың өзі де үлгермей қалуы мүмкін. Маған сендердің көмектерін қажет, достар. Мен сендерге көшедегі қозғалыстың негізгі ережелерін үйретем. Бұл ережелерді сақтай отырып, сендер қауіпті жағдайларға тап болмайсыңдар. Тіпті басқа адамдарды қауіптен аман алып қала аласыңдар. Мен сендерге үміт артамын, алға достар!</p>	<p>Ия.</p> <p>Бұл диск.</p> <p>Дисктегі материалды қарайды.</p> 

	<p>Балалар, Жолдоспен бірге адамдарға көмектескілерің келе ме? Олай болса, балалар, біз өзіміз жол белгілері мен ережелерін білуіміз керек.</p>	<p>Ия көмектескіміз келеді.</p>
<p>Іздену - ұйымдастырушы</p>	<p>Балалар, жолдан өту үшін бізге не көмектеседі? Дұрыс, мынау не, балалар? Бағдаршамның неше көзі бар? Бағдаршамның әр көзінің тапсырмалары бар екен. Соны орындағыларың келе ме? Қызыл түсті көздің тапсырмасы жұмбақты шеш. Көзін ашып, жұмады Бағыт сілтеп тұрады. Ол не? Сары түсті көздің тапсырмасы бағдаршам сөзін үш тілде атаңдар. Бағдаршам, светофор, traffic light</p> <p>Жарайсыңдар, балалар. Ал бағдаршамның жасыл көзінің қандай тапсырмасы бар екен? Ол бағдаршам туралы тақпақ жаттап алыңдар дейді екен. Қызыл шамы жанғанда, Қадам баспа бір адым. Бұл тоқтаудың белгісі, Білу керек бар кісі. Сары көзін жаққанда, Өтемін деп мақтанба. Бұл дайындық белгісі, Кідіре тұр аттанба. Төксе жасыл шырағын, Қауіптенбе шырағым. «Жолың ашық, өте бер» Жасап алға мың адым.</p> <p>Жарайсыңдар, балалар. Бағдаршам туралы біліп алдық, енді кейбір жол белгілеріне тоқталып өтейік. Жол белгілерін орысша дорожные знаки, ал ағылшынша road signs деп айтамыз.</p> <p>Қандай жол белгілерін көрдік?</p>  <p>Дидактикалық ойын: «Пішіндерде қандай белгілер жасырылған?»</p>	<p>Бағдаршам, жол белгілері Бағдаршам. Үш көзі бар.</p> <p>Ия орындаймыз.</p> <p>Ол бағдаршам.</p> <p>Бағдаршам, светофор, traffic light</p> <p>Қызыл шамы жанғанда Қадам баспа бір адым. Бұл тоқтаудың белгісі, Білу керек бар кісі. Сары көзін жаққанда, Өтемін деп мақтанба. Бұл дайындық белгісі, Кідіре тұр аттанба. Төксе жасыл шырағын, Қауіптенбе шырағым. «Жолың ашық,өте бер» Жасап алға мың адым.</p> <p>Жол белгілері, дорожные знаки, road signs Аялдама орны, жөндеу жұмыстары, жаяу жүргіншілерге жүруге тыйым салынған жол, тұрақ орны және бағдаршам.</p> <p>Жасырынған белгілерді кетіргішпен өшіріп,</p>



Шарты: Жасырылған белгілерді табу үшін кетіргішті алып, пішіндерді кетіреді. Көрінген белгіні атайды.



Жарайсындар, балалар. Енді орнымызда тұрып, сергіту сәтін орындайық.

Сергіту сәті:

Сапар шексек, сіз бен біз,

Сан көлікке мінеміз.

Троллейбус, трамвай

Автобуспен жүреміз

Көліктерге мінеміз

Күнде тынбай жүреміз

Жол жүрудің тәртібін

Ережесін білеміз.

Сергіп алсақ орнымызға отырайық.

Логикалық ойын: «Мәреге жет»

Шарты: Берілген үш машинаның мәреге дейін жету жолын көрсету керек. Ол үшін балалар өздері таңдаған машинаның түсіне сәйкес қаламды таңдап, жолды сызып көрсетеді.

Жарайсындар, балалар. Жолдостың сендерге айтар кеңесі бар екен соған назар аударайықшы.



белгілердің атауын атайды.

Жаяу жүргіншілер жолы белгісі, жақын жерде аурухана бар деген белгі, балалар деген белгі, басты жол, аялда деген белгілер жасырылған екен.

Сергіту сәтін қимыл - қозғалыспен орындайды.



«Мәреге жет» логикалық ойынын ойнайды.



Жолдостың кеңестерін тыңдайды.

Рефлексивті -
коррекциялаушы

Балалар, сендер Жолдостың кеңестерін тыңдап, барлық тапсырмаларын орындадыңдар. Енді сендер де Жолдос сияқты жол ережесін білетін, супер батыр бола аласындар. Жарайсындар, балалар.

Сендерге бүгінгі оқу іс-әрекеті ұнады ма?

Қандай әрекеттер ұнады?



Оқу іс-әрекетінен алған әсерлеріңді мына бағдаршам көздерін таңдау арқылы көрсетіңдер.

Ия ұнады.

Жолдостың тапсырмалары ұнады.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Жол ережелерін сақтауды, көше тәртібін бұзбауды біледі.

Қандай түсініктерді игерді: Жолда кездесетін жол белгілері нені білдіретінін, жол белгілеріне мұқият назар аудару керектігін түсінеді.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Жол тәртібін сақтау, жолдан абайлап өту керектігін меңгерді.



Елешова Алмаш Исламбекқызы
Жоғары санатты әдіскер

Білім беру саласы: «Қатынас»

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Тіл дамыту

Тақырыбы: «Ғажайып ертегілер әлемі» (флипчарт-сабақ)

- Балаларға ертегілердің мәні, мазмұны туралы кеңінен түсіндіру. Кейіпкерлерді сипаттау арқылы өздері білетін көптеген ертегілерді ортаға салу, талдау. Жағымды, жағымсыз кейіпкерлер арқылы жақсылық пен жамандықты ажырата білуге үйрету. Компьютерде жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.
- Ғажайып ертегілер әлеміне саяхат барысында әр ертегілерді үш тілде әңгімелету арқылы орыс, ағылшын тілдерінде анық сөйлеуге баулу. Флипчарт-сабақта интерактивті тақтамен жұмыс арқылы көптеген мүмкіндіктерді пайдалана білулерін арттыру. Балалар шығармашылығын дамыту.
- Саяхат барысында, балаларды ұжымшылдыққа, әр нәрсенің шешуін бірлесе табуға, бір-бірінің сөздерін тыңдап, құрметтеуге тәрбиелеу. Түрлі қиындықтар кездескен жағдайда шығар жол табуға баулу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, компьютер, музыкалық орталық, қуыршақ театры, құлып ашқыш, чемодан, ертегі кітапшалар.

Түрі: саяхат оқу іс-әрекеті

Әдісі: сұрақ-жауап, әңгімелету

Алдын-ала жүргізілген жұмыстар: интерактивті тақтамен жұмыс, ертегілерді қайталап, естеріне түсіру; қуыршақ театрымен жұмыс (орыс тілінде); суретпен жұмыс (ағылшын тілінде); «Буратино» биін қайталау.

Билингвалдық компонент: түлкі – лиса ; түлкі – a fox; аю-медведь, аю-a bear; Қызыл телпекті қыз-Красная шапочка, Қызыл телпекті қыз - Little Red Riding Hood; бір-один, бір-one, екі-два, екі-two; үш-три, үш-three; төрт-четырьe, төрт-four; бес-пять, бес-five; алты-шесть, алты-sixe; жеті-семь, жеті-seven; сегіз-восемь, сегіз-eight; тоғыз-девять, тоғыз-nine, он-десять, он-ten.

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеттері
Мотивациялық қозғаушы	<p>Жай музыка әуені ойналып тұрады. Әр жерде, түрлі ойыншықтардың арасында кішкентай Буратинолар ұйықтап жатады. Экран қосылып, Мальвина көрінеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, бізге Мальвина қонаққа келген. Қане амандасайық! - Мальвина сендердің неге бұлай жатырғандарыңды білгісі келеді. - Тіпті, ертегі тыңдағыларың да келмей ме? - Ал, ертегілер әлеміне саяхатқа шығуға қалай қарайсыңдар? Барғыларың келе ме? - Балалар, бәрімізді Мальвина ертегілер әлеміне саяхатқа шақырып тұр. Алайда, біз онда бару үшін, өзіміз білетін түрлі 	<p>Балалар Буратино болып киінеді. Әр жерде ойыншықтарының жандарында отырады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Салем, Мальвина! - Қазір оқу жылы аяқталды, біз бір жыл бойы көп оқыдық. Енді шаршап жатырмыз. - Біздің қыдырғымыз келеді, саяхат жасағымыз келеді. - Ертегілер әлеміне саяхаттағымыз келеді!

ертегілердің кейіпкерлерін танып, жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді ажыратып, оларды сипаттай білуіміз қажет екен!

Экраннан кәрзеңке, бал, тауық суреттері көрінеді.

- Балалар, мұнда ертегі кейіпкерлеріне тиесілі заттар орналасқан. Қане, айтындаршы, бұл заттар кімдікі екен?

- Кәрзеңке кімдікі?

- Дұрыс па екен, анықтайық.?

- Балды не жақсы көреді?

- Тауықтың жауы не?



Балалар қалаулары бойынша тақтаға шығып, кейіпкерлерді анықтап алады.

- Ал, енді осы кейіпкерлерді сипаттап беріндерші?

Балалар бір-бірілеп шығып, ертегі кейіпкерлерін сипаттайды.

1)Түлкі – лиса – a fox

Түлкі туралы ертегілер өте көп. Ол «Үйшік», «Бауырсақ», «Түлкі мен тырна», «Түлкі мен қасқыр» ертегілерінде кездеседі. Түлкі – андардың ішіндегі айлакер, өте қу болғандықтан, ертегілерде ол бәрін алдап жүреді. Мен түлкі туралы орысша өлең білемін: Я – лиса, пушистый мех.

Мне с глупцами просто смех.

Не заметит ротозей

Дерзкой хитрости моей.

Хвастунишку на беду

Вокруг пальца обведу!

- Жарайсындар, достар! Мальвинамен бірге ертегі әлеміне саяхаттау барысында біз 5 білім станциясына тоқтайтын боламыз. Және бір айта кететінім, бұл саяхат барысында үш тілде сөйлесіп, алған білімдерімізді көрсететін боламыз. Ал, қазір бәріміз «пойызға» мінейік.?

Балалар бір-бірінен ұстап, топты бір айналып шығады.

- Міне, біз «Таным» станциясына келіп жеттік! Орындарыңа орналаса қойындар!



Экранға назар аударады.

- Кәрзеңке – Қызыл телпекті қыздыкі.

Тақтаға бір бала шығып, қаламның көмегімен кәрзеңкенің үстін шерткен кезде, суреттің астынан Қызыл телпекті қыз шығады. Кейіпкерлер туралы үш тілде тақпақ, ән айтады:

2) Қызыл телпекті қыз- Красная шапочка- Little Red Riding Hood

Қызыл телпекті қыз- өте мейірімді, сүйкімді. Ертегідегі жағымды кейіпкердің бірі. Оның «Қызыл телпекті қыз» деп аталуының себебі, әжесі тігіп берген қызыл түсті бас киімі бар.

3) Аю-медведь- a bear



Аю ертегілерде аңқау, қорбаңбай болып көрінеді. Ол «Маша мен аю», «Үш аю», «Үйшік» ертегілерінде кездеседі. Мен аю туралы ағылшын тілінде өлең білемін:

Teddy Bear, Teddy Bear
Look around

Teddy Bear, Teddy Bear
Touch the ground!

Teddy Bear, Teddy Bear
Switch off the light!

Teddy Bear, Teddy Bear

		<p>Say «Good Night». Балалар бір-бірінің белдерінен ұстап, «пойыз» болып, топты айналып келіп, тәрбиешінің белгісімен орындарына жайғасады.</p>
<p>Іздену ұйымдастырушы</p>	<p>Экраннан «Таным» білім станциясы көрінеді. Teacher: - Children now we'll work with drawing. (балалар, қазір суретпен жұмыс жасаймыз) -Алдымен қандай ертегі екенін біліп алайық. Ол үшін ертегіні жасырып тұрған төрт түстің бірін тандап, сол түсті үш тілде атау керексіңдер. Дұрыс жауаптан кейін ғана ол бөлігі ашылып, астында қандай ертегі жасырылып тұрғанын анықтай аласыңдар.</p>  <p>№1 тапсырма «Қасқыр мен түлкі» ертегісінің суреті</p> <ul style="list-style-type: none"> - What tale is it? (мына ертегі қалай аталады?) - What season is it? (суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген?) - Who is he? (мынау кім?) - What is it? (мынау не?) - What is it? (мыналар нелер?) - What can you see on this sledge? (шанада нелер бар?) <p>№2 тапсырма Бөшкеге балық лақтырып жатырған түлкі бейнеленген.</p> <ul style="list-style-type: none"> - How many fishes the fox has? (түлкіде қанша балық бар?) - How many fishes on the barrel? (жердегі балықтар нешеу?)  <ul style="list-style-type: none"> - How many? Let's count? (барлығы қанша болды?) - Can you count till 10 (ten)? (сендер 10ға дейін санай аласыңдар ма?) 	<p>Бұл станцияда балалар ағылшын тілінде сөйлейді.</p> <p>Тақтаға бір бала шығып, төрт түстің бірін тандайды. Сол түсті үш тілде атайды: Қызыл-красный-red Жасыл-зеленый-green Сары-желтый-yellow Көк-синий-blue</p> <ul style="list-style-type: none"> - The wolf and the fox. («Қасқыр мен түлкі ертегісі») - It's winter. (суретте жылдың қыс мезгілі бейнеленген) - He is a grandfather. (бұл атай) - It's fox (бұл түлкі) - It's horse. It's sledge. (бұл ат және шана) - We can see fishes. (шанада балықтар бар) - The fox has 4 fishes. (түлкіде төрт балық бар) - I can see 2 fishes on the barrel. (бөшкедегі балықтар екеу) <p>Қалаулары бойынша балалар тақтаға шығып, балықтарды бөшкеге ағылшын тілінде санап, салады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Six fishes. (барлығы 6) - Yes! We can count till 10! (Әрине, 10ға дейін санау білеміз) - Ok!!

- Count till 10.then from 10 till 1. (10ға дейін тура және кері санаңдаршы)
Экранан видеоролик көрсетіледі.
- Very good. Thank you! (жарайсыңдар, рахмет!).

«Әлеуметтік орта» білім беру саласы орыс тілінде өткізіледі.

- Знаете ребята, в какой сказке оказались мы. Чтобы узнать это, я вам загадаю загадки, а вы попробуйте, отгадать.

Загадка

В ульи дикие влюблен
Я-сластена из сластен.
Лезу к ним, отбросив спесь,
Хоть и исцарапан весь.
Пока меда не найду
Спать в берлогу не пойду.

- Ну что же это?
- Правильно. Молодцы! А в каких сказках можно встретить медведя?
- Чтобы определить его нам поможет прожектор.



- Ну ка кто выйдет к доске?
- Какая из этих сказок вам больше нравится?
- А теперь давайте, покажем эту сказку с помощью кукольного театра?

«Маша и медведь»

Автор: Жили-были старик со старухой.
И была у них внучка Машенька.
Пришли как-то к Машеньке подружки, стали звать ее в лес ягоды собирать.
Стала Машенька проситься у дедушки с бабушкой.
Подумали-подумали старик со старухой да и отпустили Машеньку.
Пошла Маша в лес. И заблудилась. Шла-шла Маша и забрела на избушку. Постучалась Маша но никто не отзывается. Вошла она в избу, села на лавку там и заснула.
А жил в этой избушке огромный медведь.

Балалар әндете отырып, 1ден 10ға дейін тура және кері санайды.

«Пойызга» отырып, келесі станцияға жету үшін, топты бір айналып шығады.

Дети разгадывают загадку.


- Медведь

-«Маша и три медведя», «Теремок», «Маша и медведь». «Колобок». Тақтадан прожектор арқылы аю туралы ертегілерді біреуі көрсетеді, қалған балалар ертегіні атап отырады.

- «Маша и медведь»

Дети распределяют роли и играют в сказку.

Подружки: - Маша, пошли с нами в лес, за ягодами!
Маша: - Пустите меня с подружками, я от них отставать не буду!
Дед и бабушка: - Ладно иди. Только не отставай от подружек.
Маша: - Хорошо!
Показывает медведя.

	<p>- Спасибо, ребята. Теперь остановим сказку на этом месте. А продолжение этой сказки мы расскажем с помощью ответов на мои вопросы.</p> <p>- Что сказал медведь когда увидел Машу в своей избе?</p> <p>- Что стала делать Маша?</p> <p>- А медведь?</p> <p>- На какой хитрость пошла Маша, чтобы вернуться домой?</p> <p>- Ребята, расскажите что было в конце этой сказке?</p> <p>- Спасибо. А теперь продолжим путешествие дальше.</p> <p>«Денсаулық» білім беру саласы.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, шаршадыңдар ма? Ендеше, өзіміздің биімізді билеп тынығып алайық.? - Енді әрі қарай сапарымызды жалғастырайық. <p>«Шығармашылық» саласы.</p> <p>Достар, Мальвина сендерге сұрақ қойып жатыр. Осы, оқыған, естіген ертегілердің мазмұнын тыңдап отырсақ, оқиғалар қай жерде өтеді екен.? Яғни, ертегілер көбіне қайда болады? -дейді.</p> <p>- Дұрыс айтасындар, көп ертегілердегі оқиғалар орманда өтеді екен. Ал, сендер өздерің ертегілердегідей сиқырлы орман жасай аласындар ма?</p> <p>Мальвина барлығымызды «Менің сиқырлы орманым» онлайн-ойынын ойнауға шақырады.</p> <p>Мақсаты: <i>Балалардың компьютерде жұмыс жасау дағдыларын арттыру. Түстерді сезіне отырып, сәйкестендіре, кеңістікте бейнелерді</i></p>	<p>- Я тебя отсюда, девочка, не отпущу! Будешь у меня жить – кашу варит, печку топить, в избе прибирать!</p> <p>- Стала Машенька плакать, просит отпустить ее домой.</p> <p>- А медведь ни в какую!</p> <p>Маша напекла пирожки, села в коробку и попросила не есть пирожков в дороге.</p> <p>Дети своими словами заканчивают сказку.</p> <p>Балалар көңілді әуенмен Мальвинамен бірге «Буратино» биін билейді.</p> <p>«Пойызға» отырып, келесі станцияға жету үшін, топты бір айналып шығады.</p> <p>-Ертегілердегі көп оқиға орманда өтеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ия, жасай аламыз! - Келістік!  <p>Балалар онлайн-ойынды ойнау барысын түсініп алады</p> <p>Компьютерде шығармашылық жұмыс жасайды.</p>
--	--	--

орналастыра алуға баулу. Бала қиялын дамыту.

Барысы: *Берілген суреттерді тышқанның көмегі арқылы кеңістікте орналастырып, ертегідегі орман бейнесін жасау.*

Балалар жұмыстанып жатырған кезде жай әуен ойналып тұрады.

- Енді достарымыздың қиялындағы орман бейнесін қарап, бағалайық?!

Бір-бірінің жұмыстарына баға беріп, мақтайды.

- Жарайсындар, балалар. Ертегі әлеміне саяхаттай отырып, сендер өздеріңнің ертегілерді көп білетіндіктеріңді көрсеттіңдер.

Осы кезде, құстың шиқылдаған дауысы естіледі.

- Балалар, жоғарыға қарандаршы, бізге қарай аузына хат тістеген құс ұшып келеді.?

Экраннан хаты бар құс көрінеді. Хатты ашып оқу:

- Қымбатты балалар! Сендерді осы ертегілер еліне келгендеріңнен бері сырттарыңнан бақылап жүрмін. Өздерің ақылды да тапқыр екенсіңдер, риза болдым! Сол себепті, сендерге сыйлық жасауды жөн көрдім. Ол сыйлық салынған чемодан өздеріңнің балабақшаларыңда. Ал, чемоданды ашу үшін ашқыш кілтті сыйға тартамын. Сыйлықты алу үшін, көздеріңді жұмып, 3ке дейін санасандар болды.

Тасбақа Тортилла.

- Ой, қандай тамаша! Қане, балалар, сыйлығымызды тезірек алу үшін, көзімізді жұмып, санайық!

Балалар көздерін жұмып, санап жатырған кезде, ашқыш кілт дайындап қою.

- Мінекей, балалар! Тортилла тасбақа сендерге арнаған сыйлығын чемоданға салып қойыпты. Ашу үшін ашқышты да берді.

- Балалар, Тортилла тасбақа бізді естіп тұр, рахмет айтуды ұмытпайық!

- Енді өзіміздің бөбекжайымызға қайтатын да уақыт жеткен сияқты.

Балалар бір-бірінің жұмыстарын бағалайды: - Дана, сен ормандағы көбелекті әдемі бейнелепсің! т.б.


Балалар жан-жақтарына қарап, құсты іздейді. Құстың хатын құлақ салып тыңдайды.



Көздерін жұмып, 3ке дейін санайды: 1,2,3!

Көздерін ашып, ашқыш кілттерді алады.

- Рахмет, данагөй тасбақа! «Пойызға» отырып, келесі станцияға жету үшін, топты бір айналып шығады.

<p>Рефлексивті коррекциялаушы</p>	<p>Әуен ойналады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Міне, саяхаттан да оралдық. Қане, данагөй тасбақа бізге не сыйлады екен, қарайықшы? Чемоданды аспақшы боламыз, бірақ аша алмаймын, ол құлыптаулы екен.  <ul style="list-style-type: none"> - Ой, достар! Енді не қайттік? Айтпақшы, сендердің құлып ашқыштарың бар екен ғой? Ашып қараңдаршы, қайсыңның кілтін бұған үйлеседі екен. <p>Чемоданның ішінен әдемі конверттер шығады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қандай әдемі сыйлық! Ішінде не бар екен, көрсетіңдерші? - Данагөй тасбақаның сыйлығы керемет қой! Әрбіреуіңнің сыйлықтарың да әртүрлі екен. Кімге қандай ертегі кітап түсті? Атай қойыңдаршы. - Сыйлықтарың құтты болсын, достар! Алдымызда қызықты демалыс күндері келе жатыр. Осы ертегі кітапшаларыңдағы ертегілеріңді достарыңа, іні-қарындастарыңа айтып беріңдер. 	<p>Балалар чемоданның айналасына жиналады.</p> <p>Буратинолар белдерінде байлаулы тұрған кілттерін алып, бір-бірлеп келіп чемоданды өз кілттерімен аспақшы болып әрекеттенеді. Біреуінің кілті үйлесіп, чемоданды ашады. Конвертті ашып, ішінен кішкентай ертегі кітапшаларды шығарады. Қолдарындағы ертегі кітаптың аттарын атайды. Мыс: Менде – «Қызыл телпекті қыз» ертегісі, т.б.</p>
-----------------------------------	---	---

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Ертегі кейіпкерлерін сипаттай біледі; жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді ажырата біледі; Интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін пайдалана біледі;

Қандай түсініктерді игерді: Ертегілерді үш тілде айтып, жеткізуді игерді; рөлдерге бөліп ойнауды игерді;

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: бір-бірінің сөздерін тыңдап, құрметтей алады; қиындықтан шығар жол таба алуды және компьютермен онлайн-ойын ойнау тәсілдерін меңгерді.



**Теменова Ажар Еркінбайқызы
тәрбиеші**

Білім беру саласы: «Қатынас»

Ұйымдастырылған оқу іс –әрекеті: Тіл дамыту

Тақырыбы: «Көліктер»

Мақсат –міндеттері:

- Балалардың көлік туралы түсініктерін бекіту, тиянақтау. Балалардың қызығушылықтарын дамыту.
- Көлік түрлері жайлы білімдерін қалыптастыру. Атқаратын қызметіне және жүретін ортасына қарай (ауада, жерде, суда) топтастыру. Көліктердің пайдасы және зиянды жақтарымен таныстыру.
- Адам тұрмысындағы көліктің пайдасы туралы мәлімет беру.

Әдіс-тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, сұрақ –жауап, ойын.

Қажетті құралдар: Проектор, компьютер, үлестірмелі материал .

Алдын-ала жүргізілетін жұмыс: Балалармен «Көліктермен саяхат» сюжетті-рөлдік ойынын ойнау, жол белгілері жайлы әңгімелеу.

Билингвалдық компонент: Көлік – транспорт, көлік-transport

Машина- машина, машина -car

Автобус- автобус, автобус -bus

Ұшақ -самолет, ұшақ - plane

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс –әрекеті
Мотивациялық - қозғаушы	Сәлеметсіздерме балалар! Балалар бір-бірімізбен амандасып алайық, кейін жылы сөздерімізді айтамыз. Күлім қағып жүзіңнен 1,2,3 деп соғайын Қарап тұрған көршіме Мен қолымды бұлғайын Жылы-жылы жүзіңнен Маңдайынан сыйпайын Жылы-жылы сөзіммен Жүрегімді сыйлайын Ыстық алақаныңмен Қолыңды бер қысайын Амандасып өзіңмен Құшақтасып алайын! Жарайсыңдар балалар!	Балалар шаттық шеңберіне тұрып қайталап айтады. Күлім қағып жүзіңнен 1,2,3 деп соғайын Қарап тұрған көршіме Мен қолымды бұлғайын Жылы-жылы жүзіңнен Маңдайынан сыйпайын Жылы-жылы сөзіммен Жүрегімді сыйлайын Ыстық алақаныңмен Қолыңды бер қысайын Амандасып өзіңмен Құшақтасып алайын
Іздену - ұйымдастырушы	Балалар, бізге хабарлама келген секілді қарап көрейік. Балалар, кімнен хат келген екен? Балалар, Тачкидің хатың оқиық.	Тачкиден хат келді.

Тачки: Сәлеметсіздер ме, балалар! Қалдерің қалай? Мен сендер сияқты достарым барына қуанамын.
Менің тағы достармен танысқым келеді.
Сендерден көмек сұраймын мені тағы достармен таныстырасыңдар ма?

Балалар тачкиді басқа көлік түрлерімен таныстырамыз ба?
Балалар, ең алдымен тачкидің өзіне қарайықшы ол не?
Сендер қандай көлік түрлерін білесіңдер?

Тақтада көліктердің түрлерін көрсетіп, көліктердің пайдасы туралы айтады.
Балалар, көліктерді жол көлігі, су көлігі, әуе көлігі деп бөлеміз. Көліктердің пайдасы өте көп. Олармен жолаушы, жүк тасымалдайды. Адамдарды қажетті жеріне тез жеткізеді. Енді бәріміз үш тілде көлік сөзін айтайықшы. Көлік, транспорт, transport

Ал сендер осы көліктер туралы тақпақтар білесіңдер ме?
Маған кім тақпақ айтып бергісі келеді?



Жарайсыңдар, балалар!

Мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр.
Дидактикалық ойын: «Дауысына қарап ажырат»
Шарты: Балалар көліктердің дауыстарынестіген кезде сол көлікті ажыратып, қоршап сызу керек.

Балалар тачкиден келген хатты тыңдайды.



Иә

Көлік
Ұшақ, машина, қайық,
пойыз, кеме, автобус.

Балалар көліктердің пайдасы туралы тыңдайды.


Көлік, транспорт, transport

Иә білеміз.

Ұшақ
Бұлттар менен көктегі,
Дүниені кездім жалықпай.
Озып шығам құстарды,
Қанат қақпай ұшамын
Кеме
Теңізді жүздім балықтай,
Мен боламын туысқан.
Көліктердің бір түрі,
Мен боламын қайықтай.

Машина
Төрт аяғым дөңгелек,
Адамсыз мен жүрмеймін,
Барлық жерге жеткізіп,
Қаласаңыз апарам.

Көліктердің дауысын ажыратады. Суреттен қоршап сызады.



Жарайсындар балалар!

Енді бәріміз экранға назар аударайықшы. Балалар, қайықтың желкені қандай пішінге ұқсайды?

Машинаның дөңгелегі қандай пішінге ұқсайды? Пойыздың терезелері қандай пішінге ұқсайды?

Орнымыздан тұрып сергіту сәтін орындайық.

Экранға қарап сергіту сәтін орындайды. Сергіп алдық па, балалар?

Олай болса мен сендермен

тағы бір ойын ойнағым келіп тұр.

Логикалық ойын: «Өз көлігіне отырғыз!»

Шарты: Әр маман иесін өзінің жұмыс көлігіне отырғызу керек.



Жарайсындар, балалар. Біз тачкиге көмектесе алдық.



Желкен үшбұрышқа ұқсайды.

Дөңгелекке ұқсайды.

Терезелер төртбұрышқа ұқсайды.

Балалар сергіту сәтін жасайды.

Ия сергідік.

Ойын тапсырмасын орындайды.

Рефлексивті -
коррекциялаушы

Балалар, біздер бүгін не туралы айттық?

Кімге көмектестік?


Қандай көлік түрлерімен таныстық?

Қандай көлік атауын білесіңдер?

Ендеше автобус, машина, ұшақ сөздерінің үш тілдегі аудармасын айтайықшы.

Көліктер туралы
Тачкиге көмектестік.
Әуе,су, жер көліктерімен.
Автобус, машина, ұшақ,
кеме, қайық, тікұшақ,
трактор, кран, пойыз.

Машина, машина, car
Автобус, автобус, bus
Ұшақ, самолет, plane



Жарайсыңдар, балалар.

Күтілетін нәтиже:

Негіз біледі: Балалар көлік түрлері мен атауларын ажыратып, атай біледі.

Қандай түсініктерді игерді: Көліктерді атқаратын қызметіне қарай ауада, суда, жерде жүретінін игерді.

Меңгерген дағдыларымен іскерліктері: Көлік түрлерін салыстырып, олардың пайдасы туралы меңгерді.



"Көліктер"

(ересектер тобымен ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті)



Мақсат - міндеттері:

- Балалардың көлік туралы түсініктерін бекіту, тиянақтау. Балалардың қызығушылықтарын дамыту.
- Көлік түрлері жайлы білімдерін қалыптастыру. Атқаратын қызметіне және жүретін ортасына қарай (ауада, жерде, суда) топтастыру. Көліктердің пайдасы және зиянды жақтарымен таныстыру.
- Адам тұрмысындағы көліктің пайдасы туралы мәлімет беру.

Мотивациялық -қозғаушы




Шаттық шеңбері

Күлім қағып жүзіңнен
1,2,3 деп соғайын
Қарап тұрған көршіме
Мен қолымды бұлғайын
Жылы-жылы жүзіңнен
Маңдайынан сыйпайын
Жылы-жылы сөзіммен
Жүрегімді сыйлайын
Ыстық алақаныңмен
Қолыңды бер қысайын
Амандасып өзіңмен
Құшақтасып алайын!



Іздену -ұйымдастырушы



Ұшақ

Бұлттар менен көктегі,
Дүниені кездім жалықпай.
Озып шығам құстарды,
Қанат қақпай ұшамын



Кеме



Теңізді жүздім балықтай,
Мен боламын туысқан.
Көліктердің бір түрі,
Мен боламын қайықтай.

Машина

Төрт аяғым дөңгелек,
Адамсыз мен жүрмеймін,
Барлық жерге жеткізіп,
Қаласаңыз апарам.



Дидактикалық ойын: "Дауысына қарап ажырат"



Сергіту сәті:



*Логикалық ойын:
"Өз көлігіңе отырғыз"*



Рефлексивті -коррекциялаушы



Ұшақ, самолет, plane



Машина, машина, car



Автобус, автобус, bus

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Балалар көлік түрлері мен атауларын ажыратып, атай біледі.

Қандай түсініктерді игерді: Көліктерді атқаратын қызметіне қарай ауада, суда, жерде жүретінін игерді.

Меңгерген дағдыларымен іскерліктері: Көлік түрлерін салыстырып, олардың пайдасы туралы меңгерді.

МКҚК “Жұлдыз” бөбекжай

Білім беру саласы:
“Таным”

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті:
Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру.



Тақырыбы:
“Ойнайық та, ойлайық”

Өткізген:
Айтқалиева Нуржамал Айтқалиевна

Пойма ауылы

Мақсаты:

- 1.Балалардың есте сақтау қабілетін, ой- өрісін математикаға деген қызығушылығын арттыру.
- 2.Үйренген жұмыстарының нәтижесін пысықтай отырып, түрлі тапсырмалар мен логикалық жаттығулар арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.
- 3.Балаларды ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ – жауап , жұмбақ, логикалық есеп, ойын, сергіту жаттығуы.

Көрнекіліктер және керек құралдар: проектор, сандар, суреттер-есептер, асық, қоржын, үлестірмелі материалдар, суретті жұмбақтар, бейне материал.

Үштілдік компонент: бір – один – one , екі – два –two, үш – три – three, төрт – четыре – four , бес – пять – five .

Шаттық шеңбері:

*Сәлем сөздің анасы,
Дейді қазақ баласы,
Күндей күліп баршаға
Сәлем дейміз достарға
Сәлем, сәлем, сәлем!*

*Hello, hello
Hello to you.
Hello to sun.
Hello to new!*



Тәрбиеші: Балалар, бүгін біздің оқу іс-әрекетіміз өте қызықты өтетінін мен біліп тұрмын. Себебі бізге қонақ келеді. Сәл ғана көзімізді жұмайық. (Музыка ойналады, поездің даусы естіледі), (поезд тоқтайды).

Балалар көзімізді ашайық қонақ та келген сияқты. Біздің қонағымыз кім болды екен.

Балалар: Айя.



Ғажайып сәт:

Айя: Сәлеметсіздер ме, балалар!


-Мен Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 25 жылдық мерекесіне бара жатырмын. Барлық бөбекжайды аралап сендер сияқты жақсы, әдемі, білгір балалар көп екенін мақтаныш етемін. Ол үшін менің сендерге арналған тапсырмаларым бар.

-Тәрбиеші:

-Балалар олай болса Айяның тапсырмаларын орындап, біз де білгір балалар қатарын да болайық.




1- тапсырма: Адасқан сандар.
(сандарды қатарымен қою)



2- тапсырма:

Күшікте қанша айырмашылық болса сонша дөңгелекті боя.





3- тапсырма:
Математикалық жұмбақ:






**Қоянда қанша
күлак бар?**



Екі тауықта қанша аяқ бар?



4- тапсырма:
Қандай түсті дөңгелек керек?





Сергіту сәті
Жоғары қарап күн көрдім,
Төмен қарап жер көрдім.
Оңға қарадым,
Солға қарадым,
Орнымды мен табамын.



*Дидактикалық ойын :
“Дөңгелектерді құрастыр”*




*Логикалық тапсырма:
Ойнайықта, ойлайық!!!*



**Ағашта 1 торғай отырды, тағы бір торғай қосылды
қанша торғай болды?**



**Барлығы 6 кесе болды, 3 кесені әжем алды, қанша
кесе қалды?**



Айя: Жарайсыңдар, мен сендерді жақсы балалар деп айтып барамын, сендер тапсырмалардың барлығын да жақсы орындадыңдар.

Тәрбиеші: Балалар осымен біздің “Ойнайық та, ойлайық” оқу іс-әрекетіміз аяқталды. Мынау Айяның сендерге арналған сыйлығы. (сыйлық үлестіру)



